

Расы керек, құжат дайындау оңай болған жоқ. Маған оларды жинауға әкім Марат Қанатұлы мен әкімдіктің қызметкерлері Айдын, Алина, Гүлжан, ауыл шаруашылығы бөліміндегі Мәдина, «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасындағы Мерей мен басқа да азаматтар көп септесті.

3-БЕТ | ЕҢБЕК АДАМЫ



Продолжится реализация проектов по посадке деревьев – «Зелёный двор», «Зелёная тропа», «Посади своё дерево», а также проведение экочасов в школах и творческих конкурсов на экологическую тематику.

6-БЕТ | ПЕРЕКРЕСТОК



Еліміздің оңтүстік өңіріндегі Ащысай аймағынан кейінгі палеолит дәуіріндегі бизон, арқар, жабайы жылқы сияқты жануарлардың сүйектері және пышақ тәрізді тілгіштер табылған. Көрдіңіз бе, тарихтың көне парағының өзінде тайға таңба басқандай етіп «бизон» деп жазылып тұр.

8-БЕТ | ТІРШІЛІК

Газет 1935 жылдың 5 мамырынан бастап шығады

# ЕРЕЙМЕН

Дүйсенбі
№4 (9664)
9.02.2026

қоғамдық-саяси газеті

# ЕРЕЙМЕНТАУ ӘКІМДІГІНДЕ КОНСТИТУЦИЯНЫҢ ЖАҢА МӘТІНІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Ерейментау ауданының әкімдігінде Қазақстан Республикасы Конституциясының жаңа мәтінін талқылауға арналған аудан активінің жиыны өтті.

Жиынды Ерейментау ауданының әкімі Нұрлан Мұқатов ашып, жүргізді. Басқосуға аудандық мәслихат төрағасы, мемлекеттік органдар мен мекемелердің басшылары, аудандық мәслихат депутаттары, Қоғамдық кеңес мүшелері, прокуратура өкілдері және саяси партия филиалдарының басшылары қатысты.

Аудан әкімі конституциялық реформаның ел дамуы үшін стратегиялық маңызын атап өтіп, жасалып жатқан өзгерістер азаматтардың құқығы мен бостандығын қорғауды күшейтуге, мемлекеттік басқару жүйесінің ашықтығы мен тиімділігін арттыруға бағытталғанын жеткізді. Сондай-ақ реформаны халыққа жан-жақты түсіндіру мен кері байланысты қамтамасыз етудің маңыздылығына тоқталды.





Жиында Ерейментау аудандық мәслихатының төрағасы Медеу Әбжіков, AMANAT партиясы Ерейментау аудандық филиалының атқарушы хатшысы Мерей Қасенов пен аудан әкімінің орынбасары Ғабды-Сабыр Мухамедди баяндама жасап, конституциялық өзгерістердің өңірлік деңгейдегі ықпалы туралы пікірлерін білдірді.

Актив қорытындысы бойынша аудан тұрғындары арасында конституциялық реформа мәселелері бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын күшейту, еңбек ұжымдарында, білім беру мекемелерінде және жастар арасында кездесулер өткізу, бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілерде кеңінен жариялау жөнінде нақты тапсырмалар берілді.

Жиын соңында Нұрлан Мұқатов белсенділік танытқан барлық қатысушыға алғыс білдіріп, конституциялық реформаның табысты іске асуы қоғамның ортақ жауапкершілігі екенін атап өтті.

**Бахтияр ЖЕПЕНОВ,**
**Ерейментау ауданы әкімінің кеңесшісі, баспасөз хатшысы**

## КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ РЕФОРМА – ЕЛ БАСҚАРУДАҒЫ ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ АРТТЫРАТЫН НАҚТЫ ҚАДАМ

2026 жылы жүзеге асырылып жатқан Қазақстан Республикасының Конституциялық реформасын мен ел дамуының жаңа кезеңін айқындайтын маңызды тарихи шешім деп санаймын. Бұл өзгерістер мемлекет пен қоғам арасындағы өзара сенімді нығайтуға, азаматтардың құқығы мен бостандығын нақты қорғауға бағытталған.

Конституция – мемлекеттің құқықтық негізі. Ата Заңға енгізіліп отырған өзгерістер билік тармақтары арасындағы тепе-теңдікті күшейтіп, мемлекеттік органдардың халық алдындағы есептілігін арттыруды көздейді. Бұл – «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидатын нақты іске асырудың бір көрінісі.

Қазақ халқының тарихында заң үстемдігі әрдайым басты орында болған. Қасым ханның қасқа жолы, Есім ханның ескі жолы, Тәуке ханның Жеті жарғысы – соның айқын дәлелі. Бұл құқықтық нормалар ел ішіндегі тәртіпті сақтап, дау-дамайды әділ шешуге қызмет етті. Бүгінгі Конституциялық реформа – сол тарихи құқықтық мәдениеттің заманауи жалғасы.

Реформа аясында азаматтардың негізгі құқығын қорғау тетіктері күшейтіліп, жергілікті басқару жүйесіне тұрғындардың қатысу мүмкіндігі кеңейіп отыр. Бұл өзгерістер аудан деңгейінде де нақты сезілуде. Қоғамдық кеңестердің жұмысы жанданып, тұрғындармен ашық кездесулер мен қоғамдық талқылаулар жүйелі түрде өткізіліп келеді.

Менің ойымша, Конституциялық реформаның басты нәтижесі – шешім қабылдау үдерісінің ашықтығы мен әділдігінің артуы. Бұл өз кезегінде халықтың билікке деген сенімін күшейтеді және тұрақты дамуға жол ашады.

Қазақта «Заң әділ болса, ел тыныш» деген сөз бар. Әділетті заң мен жауапты басқару – берекелі қоғамның негізі. Сондықтан 2026 жылғы Конституциялық реформаны бүгінгі ұрпақ қана емес, болашақ үшін жасалған маңызды таңдау деп сеніммен айта аламын.

**Нұрлан МҰҚАТОВ,**
**Ерейментау ауданының әкімі**

Жаңа Конституция жобасы еліміздің саяси және құқықтық дамуындағы жаңа сапалық кезеңнің басталғанын айқын көрсетеді. Құжаттың тұжырымдамалық өзегіне адам құқығы мен бостандығының ең жоғары құндылық ретінде шығарылуы – мемлекеттің азаматқа бет бұрғанын білдіретін маңызды әрі уақыт талабына сай шешім. Бұл қағидат Конституцияның жекелеген баптарында ғана емес, оның бүкіл рухы мен мазмұнында жүйелі түрде көрініс тапқан.

## ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ БЕРІК ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗІ

Жобада білім, ғылым, мәдениет пен инновацияға айрықша басымдық берілуі елдің ұзақмерзімді дамуы табиғи ресурстарға тәуелді болмауға тиіс деген стратегиялық ұстанымды айқын көрсетеді. Бұл көзқарас ұлттық бәсекеге қабілеттіліктің негізгі факторы ретінде адами капиталды, зияткерлік әлеуетті және шығармашылық мүмкіндіктерді алға шығарады. Білімді, ойлай алатын, технологияны меңгерген ұрпақ қалыптастыру – экономикалық өсудің ғана емес, қоғамдық тұрақтылық пен мәдени жаңғырудың да берік негізі.

Сонымен қатар цифрлық ортадағы құқықты қорғауға қатысты нормалардың енгізілуі мемлекеттің ақпараттық қауіпсіздік, жеке деректерді сақтау және азаматтардың цифрлық кеңістіктегі мүддесін қорғау мәселелеріне жауапкершілікпен қарайтынын аңғартады. Бұл қадам мемлекет пен қоғамның жаңа технологиялық дәуір талаптарына бейімделіп қана қоймай, оны саналы түрде реттеуге және тиімді пайдалануға дайын екенін көрсетеді. Нәтижесінде цифрландыру үдерісі қауіпсіз, ашық әрі заңды негізде іске асып, азаматтардың сенімін нығайтуға ықпал етеді.

Конституциялық өзгерістердің кең қоғамдық талқылаудан өтуі – азаматтық қоғамның рөлін арттырып, халықтың саяси үдерістерге қатысу мәдениетін жаңа деңгейге көтеретін оң тәжірибе.

**Медеу ӘБЖІКОВ,**
**Ерейментау ауданы маслихатының төрағасы**

# ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ СЕЗДІРЕТІН ТҰҒЫРЛЫ ҚҰЖАТ

Ұсынылып отырған жаңа Конституция жобасы – еліміздің мемлекет ретінде кемелдену жолындағы ішкі сұранысынан туған, уақыт пен тарихи жауапкершілікті ескерген салмақты құжат. Оның басты ерекшелігі – адамды, оның қадір-қасиеті мен құқығын мемлекеттің орталық құндылығы ретінде нақты әрі анық қоюы. Бұл ұстаным декларативті сипатта қалмай, Конституцияның барлық бөлімінде жүйелі түрде көрініс тапқан.

Жобада ұлттық бірлік, егемендік, аумақтық тұтастық және зайырлылық қағидаттарының өзгермейтін құндылық ретінде бекітілуі мемлекеттің іргетасын нығайта түседі. Сонымен қатар білім мен ғылымға, мәдениет пен инновацияға басымдық берілуі Қазақстанның болашағын ұзақмерзімді әрі өркениетті даму жолымен байланыстыратын стратегиялық таңдауды айғақтайды.

Маңызды жаңалықтардың бірі – цифрландыру дәуіріндегі адам құқығын қорғау нормаларының Конституция деңгейінде алғаш рет бекітілуі. Бұл мемлекет пен қоғам арасындағы жаңа қарым-қатынастарға құқықтық жауап беріп қана қоймай, азаматтардың жеке өмірі мен дербес деректерінің қорғалуына қосымша кепілдік береді.



Жаңа Конституция жобасының кең қоғамдық талқылау арқылы әзірленуі оның саяси және құқықтық легитимділігін күшейтеді. Азаматтардың, сарапшылардың, қоғамдық ұйымдардың ұсыныстары ескерілген бұл үдеріс қоғам мен мемлекет арасындағы сенімнің нығаюына ықпал етеді.

Жалпы алғанда, жаңа Конституция жобасын Әділетті Қазақстан идеясын нақты құқықтық мазмұнмен толықтыратын, тұрақтылық пен жаңғыруды үйлестіре білген, болашақ ұрпақ алдындағы жауапкершілікті терең сезінетін тұғырлы құжат деп бағалауға толық негіз бар.

**Төлеутай ЖЫЛҚАЙДАРОВ,**
**Ерейментау ауданы әкімінің құқықбұзушылықтардың алдын алу жөніндегі кеңесшісі**

# ЕЛ ТҰТАСТЫҒЫНА ҚОЛ СҰҒЫЛМАЙДЫ

Жаңа Конституция жобасында Қазақстан Республикасының аумақтық тұтастығына қол сұғылмаушылықты бекіту – мемлекеттік жүйенің тұрақтылығы мен болжамдылығын қамтамасыз ету үшін маңызды қадам. Жаңа кіріспеде және 2-баптың 6-тармағында елдің аумақтық тұтастығы өзгермейтіні анық көрсетілген. Бұл кез келген араласу әрекеттеріне сенімді құқықтық кедергі жасайды.

Мұндай бекіту тек символдық ғана емес, сонымен қатар практикалық мағынаға ие. Ол әкімшілік-аумақтық құрылымның ықтимал өзгерістері туралы кез келген күмән мен алыпсатарлықты жояды. Осылайша, азаматтардың мемлекеттік институттарға және Конституцияға құқықтық сенімділік көзі ретінде сенімін нығайтады.



Айта кету керек, бұл норма мемлекеттік құрылымның ұзақ мерзімді тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Саяси немесе экономикалық жағдайға қарамастан, аумақтық тұтастық мәселесі талқыланбайды және референдумға шығарыла алмайды. Бұл елдің шекарасы мен бірлігін қорғауды қамтамасыз етеді.

Шекараға қолсұғылмаушылық пен аумақтық тұтастықты бекіту де мемлекеттің халықаралық аренадағы ұстанымын күшейтеді. Қазақстан егемендікке және өз тәуелсіздігін қорғауға бейілділігін көрсетеді. Бұл серіктестердің сенімін және халықаралық стандарттарды сақтауды нығайтады.

**Сапарғали ОРАЗАЛИМОВ,**
**Ерейментау ауданы Ардагерлер кеңесінің төрағасы**

# ҚАРАПАЙЫМ БҰҚАРАҒА ЗОР МҮМКІНДІК АШАДЫ

Жаңа Конституция жобасы елімізде әділдік пен заң тәртібін күшейтуге бағытталған. Бұл құжатта әр азаматтың құқығы мен бостандығы басты орынға қойылған. Мемлекеттің алдымен халық мүддесін қорғауға тиіс екені нақты көрсетілген.



Жобада билік пен халық арасындағы жауапкершілік күшейтіліп, Парламент пен жергілікті басқару органдарының рөлі арта түседі. Бұл қарапайым адамдардың өз ойын айтуына, ел өміріне белсенді қатысуына мүмкіндік береді.

Тоқетерін айтқанда, жаңа Конституция жобасы – елде әділ, ашық және халыққа қызмет ететін мемлекет құруға бағытталған маңызды қадам.

**Ляззат ТҮГЕЛБАЕВА,**
**Бөгенбай батыр атындағы тарихи-өлкетану музейінің меңгерушісі**

Жаңа Конституция жобасының жариялануы – құқықтық мемлекетті нығайтуға бағытталған маңызды әрі уақтылы қадам. Ұсынылып отырған құжатта билік тармақтарының өзара тепе-теңдігін сақтау мен күшейтуге, Парламенттің өкілеттігі мен саяси салмағын арттыруға, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқару институттарын дамытуға айқын басымдық берілгені байқалады. Бұл өзгерістер мемлекеттік басқару жүйесінің тиімділігін арттырып қана қоймай, қоғам мен билік арасындағы өзара сенімді нығайтуға қызмет етеді.

# ЕЛІМІЗДІ ДАМЫТУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ЖАҢА ҚАДАМ

Атап айтқанда, жергілікті деңгейдегі өкілді органдардың рөлін күшейту азаматтардың өңірлік мәселелерді шешуге тікелей қатысу мүмкіндігін кеңейтіп, халықтың пікірін ескеруге негізделген басқару мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді. Парламенттік институттардың жауапкершілігін арттыру саяси шешімдердің ашықтығын қамтамасыз етіп, заң шығару үдерісінің сапасын жақсартуға бағытталған маңызды қадам деп бағалауға болады. Сонымен қатар Конституция жобасында адам құқығы мен бостандықтарын қорғау тетіктерінің нақты әрі түсінікті түрде бекітілуі құқықтық сенімді күшейтеді. Бұл әрбір азаматтың заң алдында қорғалуын қамтамасыз етіп, әділеттілік қағидатын қоғам өмірінің негізгі тірегіне айналдыруға мүмкіндік береді.




Дегенмен кез келген конституциялық өзгерістің шынайы тиімділігі оны іс жүзінде жүзеге асырумен өлшенетіні белгілі. Сондықтан жаңа нормалардың өмірде дұрыс әрі бірізді қолданылуы, құқық қолдану тәжірибесінің сапалы болуы және заң үстемдігі қағидаттарының мүлтіксіз сақталуы – шешуші мәнге ие.

Жалпы алғанда, жаңа Конституция жобасы елдің саяси жүйесін жаңғыртуға, азаматтардың мемлекеттік шешімдер қабылдау үдерісіне қатысу мүмкіндігін кеңейтуге және Қазақстанда құқықтық мемлекетті одан әрі нығайтуға бағытталған маңызды стратегиялық құжат ретінде оң бағалауға лайық.

**Дина ОСПАНОВА,**
**Ерейментау ауданы AMANAT партиясы филиалының ПКК мүшесі**

# БҰЛ БАСТАМАҒА ҚОҒАМ БЕЛСЕНЕ ҚАТЫСУЫ КЕРЕК

Конституция жобасын қоғам талқысына шығару – биліктің қоғамдық пікірмен санасуға дайын екенінің белгісі. Бұл қадам азаматтық қоғамның рөлін арттыруға және халық пен мемлекет арасындағы сенімді нығайтуға мүмкіндік береді.




Жобада әлеуметтік әділеттілік, мемлекеттік жауапкершілік және биліктің есептілігі мәселелеріне назар аударылғаны оң үрдіс ретінде бағаланады. Дегенмен конституциялық реформалардың нақты нәтижесі тек мәтіндік өзгерістермен шектелмей, саяси мәдениеттің жаңаруына, ашық диалог пен қоғамдық бақылаудың күшеюіне алып келген жағдайда ғана сезіледі. Сондықтан қоғамның белсенді қатысуы бұл реформаның табысты болуының басты шарты болар еді.

**Динара СӘДУАҚАСОВА,**
**Ерейментау ауданы «Орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры**

# МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУҒА ҚАТЫСУҒА ЖОЛ АШАДЫ

Конституция – кез келген мемлекеттің ең басты әрі негізгі заңы. Ол елдің саяси жүйесін, құқықтық тәртібін және әлеуметтік құрылымын айқындай отырып, қоғам дамуының басты бағытын белгілейді. Конституцияда мемлекеттің басқару нысаны, билік тармақтарының өзара байланысы, сондай-ақ азаматтар мен мемлекет арасындағы құқық пен мен міндеттер нақты көрсетіледі. Сондықтан да бұл құжат елдегі тұрақтылық пен қоғамдық келісімнің берік негізі саналады.

Конституцияның басты мақсаты – адам және азамат құқығы мен бостандығын қорғау. Әрбір азаматтың заң алдындағы теңдігі, өмір сүру, білім алу, еңбек ету, сөз бостандығы сияқты негізгі құқығы Конституция арқылы кепілдендіріледі. Бұл құқық жеке тұлғаның еркін дамуына, қоғамда өз орнын табуына мүмкіндік береді. Сонымен қатар Конституция азаматтардың ар-намысы мен қадыр-қасиетін қорғауды мемлекеттің басты міндеті ретінде бекітеді.

Демократиялық мемлекет құруда Конституцияның рөлі ерекше. Ол халықтың биліктің қайнар көзі екенін айқындай отырып, азаматтардың мемлекеттік басқаруға қатысуына жол ашады. Сайлау арқылы өкілдерін таңдау, қоғамдық пікір білдіру, заңды жолмен өз көзқарасын қорғау – мұның барлығы Конституцияда бекітілген демократиялық қағидаттардың көрінісі.



**Жұлдыз ШАХАТОВА,**
**Ерейментау ауданы «Тілдерді оқыту орталығы» КММ директоры**

# АУЫЛ АМАНАТЫНА АДАЛ АЗАМАТ

Ерейментау ауданы – Ақмола облысының ауыл шаруашылығы дамыған аймақтарының бірі. Мұнда ауданның экономикалық әлеуетін арттыратын маңызды бағыттардың қатарындағы мал шаруашылығы – аграрлық сектор өнімінің негізгі саласы. Қазір ауданның Торғай ауылында ет кластерін дамыту жобасы іске асырылып жатыр. Онда асыл тұқымды қалмақ сиырлары жеткізіліп, өңірдің жайылымдық ресурстары белсенді қолданылып келеді. Бұл жоба арқылы ет өндірісін кеңейту көзделген.



Айта кетерлігі, Ақмола облысындағы ең ірі жайылымдық алқаптардың дені осы Ерейментау ауданында шоғырланған. Бұл төрт түлікті ашық аспан астында оттықтыруға және мал басын арттыруға өте қолайлы. Сол себепті аймақтыға ауылдық округтерде түрлі шаруа қожалықтары бар. Солардың бірін Торғай ауылының тұрғыны Әсет Манабаев басқарады. Ол «Қарағайлы» ауыл шаруашылығы кооперативіне жетекшілік етеді. Қарамағында 2 адам жұмыс істейді.

Өзінің айтуынша, Әсет Алпысұлы былтыр «Ауыл аманаты» микронесиелеу бағдарламасы бойынша (2,5 пайыз) 8 млн 800 мың теңгеге 104 бас ұсақ мал сатып алған. Қазір оның жетекшілігіндегі «Қарағайлы» шаруа қожалығы шағын құраммен мал басын 500-ге жеткізуді жоспарлап отыр.

Жақында біз осы шаруа қожалығының жас та болса, бас бола білетін иесімен кездесіп, аз-кем әңгімелескен едік. Сол сәтте ол ауыл шаруашылығы кооперативінің жұмысы мен алдағы жоба-жоспарлары туралы айтып берді.

**– Әсет, жақында біз Торғай ауылдық округінің әкімі Марат Әубәкіровпен кездескенде, сіз туралы жақсы пікір білдіріп еді. Ол сіздің «Ауыл аманаты» микронесиелеу бағдарламасымен 8 млн 800 мың теңге алғаныңызды, оны бірнеше жылдан кейін 9 млн 700 мың теңге етіп қайтаратыныңызды айтқан болатын. Осы бағдарлама бойынша несие алу жағы қалай болды? Оны 1 млн теңгеге де жетпейтін етіп қайтаратыныңыз жақсы дүние екен.**

– Иә, рас. «Ауыл аманаты» микронесиелеу бағдарламасы бойынша 2,5 пайызбен 8 млн 800 мың теңге несие алдым. Оны 7 жылға берді. Бұл бағдарлама бойынша несиеге екі жыл «демалыс» беріледі. Екі жылдан кейін алған қарызымды 5 жыл төлеймін. Ауылда мал өсіремін деген адамға тамаша мүмкіндік екен.

Мен осы бағдарлама бойынша несие алуға болатынын әкімдіктің жиналысында естідім. Содан көп ойланбай, құжаттар жинай бастадым.

**– Кепілдікке не қойдыңыз? Ол қалай бағаланды?**

– Үйді «Көкше» ауыл шаруашылығы кооперативі бағалады. Кепілдікке «Қарағайлы» ауылында 2022 жылы салынған жаңа үйді қойдым. Бұл үйге біз 2022 жылы кірдік. Жерді мен 2020 жылы ағайын-туыс, бала-шаға болып жаңа үй саламыз деп алған едім. Оны салуға досым, курстасым Арман Жакенов көмектесті.

Үй кепілдікке жақсы бағамен өтті. Ауылда несие алу үшін кепілдікке үйді қойсаңыз, ол жартылай ғана бағаланады. Менің үйім 16 млн теңгеге бағаланып, «Көкше» ауыл шаруашылығы кооперативі 8 млн 800 мың теңге берді. Сонда үйдің 60 пайызын ғана алдым.

Біздің ауылда несиеге мал алғысы келетін адам көп. Бірақ кепілдікке қоятын дүниесі жоқ. Болса да несие алуға бәрінің бірдей шамасы келмейді. Оны алу үшін бастысы құжаттарың дұрыс болуы керек. Сосын кепілдікке қоятын жылжымайтын мүлкің жақсы бағалануға тиіс. Несие ала алмаған адамдардың құжаты дұрыс болмаса, банкте қарызы болса, оған «Көкше» несие бермейді. Негізі қағаздың жұмысы көп. Көп адам құжатпен көп жүре бермейді. Білмейді. Қиналады. Мен көп жүгірдім. 2024 жылдың 28 желтоқсанында құжаттар тапсырып, 2025 жылдың мамыр айына дейін күттім.

Расы керек, құжат дайындау оңай болған жоқ. Маған оларды жинауға әкім Марат Қанатұлы мен әкімдіктің қызметкерлері Айдын, Алина, Гүлжан, ауыл шаруашылығы бөліміндегі Мәдина, «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасындағы Мерей мен басқа да азаматтар көп септесті. Несие алатын кезде күнтүн демей еңбек етіп, бар көмектерін аямады. Олар өз ісінің мамандары екен.

– Қазір өзімнің 70 қой, 70 ешкі, 10 сиыр және бір үйір жылқым бар. Несиеге алған 104 қойды есептегенде, 170-тен аса қой мен елдің 200 бас жылқысын бағамыз. Қазір «Ерейментау-астық 2014» ЖШС 10 мың бас қойға бордақы алаңын ашып отыр. Біз оларға қойды сатамыз. Тірі салмағы – 1 500 теңге. Олар бізден алған етті шетелге экспорттайды.

Негізі малды несиеге алу оңай шаруа емес. Алдымен адам тәкаппар болмауы керек. Қарапайым, кішіпейіл болған жөн. Тәкаппарлық алысқа апармайды. Адамды сыйлап, жақсы сөйлессең, жағдайыңды дұрыс жеткізсең, бәрі сені жақсы түсінеді. Түсінуге тырысады. Сөйтіп, көмектеседі.

Құжаттарды дайындап болған соң, оны Көкшетауға жібердік. Облыс орталығының жауабын жарты жыл күттім. Құжат деген көп қағаздың астында жатып қалады екен. Өйткені несие аламын деген адам жалғыз мен емес, облыстың жер-жерінен өтініш берушілер өте көп болды. Сол кезде несиені Зеренді ауданына жақсы беріп жатты.

Осы аралықта мен Көкшетауға үш рет бардым. Сөйтіп, Торғайда қой бордақылау бағдарламасы бойынша еркек тоқтыларды сатамыз деп алдым. Ақша 5 мамырда түсті. Ақша алғаннан кейін Павлодар облысынан 104 қой әкеліп, соны өсіріп, бағып жатырмын. Енді алдыма малды 500 басқа дейін өсіремін деген мақсат қойып отырмын.

**– Ісіңізге береке берсін! Енді «Қарағайлы» ауыл шаруашылығы кооперативі туралы айтсаңыз. Ол қашан құрылды? Оны құру үшін де белгілі бір себеп болған шығар?**

– Рахмет! Иә, әр нәрсенің себебі болады ғой. Анам Айсұлу Қаратайқызы Сәдуақасова 1998 жылы қайтыс болған.



Ол 1951 жылы туған. Қазір әкеммен бірге тұрамыз. Әкемнің аты-жөні – Алпыс Тілегенұлы Манабаев. Ол кісі анам қайтқан кезде бар қиындықты өз мойнына алып, бізді бағып-қағып өсірді. Бала кезімізде ол өзі пеш жағып, кір жуып, шай қойып жүретін. Біз – алты ағайынбыз. Үлкен ағам Ерлан – 1976 жылғы. 1979 жылғы Жеңіс деген ағам бар. Ол Майлан ауылында тұрады. Содан кейінгі Руслан деген ағам – 1982 жылғы. Төртіншісі – мен. Менен кейінгі інім Рүстем – 1986 жылғы. Азамат інім 1988 жылы туған. Ерлан, Рүстем, Азамат бауырларым Астанада тұрып жатыр. Біздің арамызда қыз болған жоқ. Бәрі – ұл бала. Сол себепті әкем шаруаның бәрін істей беретін.

Мектепті осы ауылда бітірдім. Содан кейін Астанадағы кәсіптік-техникалық мектепке түстім. 2000 жылы жоғары білімді дәнекерлеуші мамандығы бойынша алдым. Оқуды бітірген соң қалада металл құрастырушы болып жұмыс істедім.

2002 жылы әскерге кетіп, 2004 жылы Отан алдындағы азаматтық борышымды өтедім. Сосын Астанаға барып, 2006 жылға дейін жұмыс істедім. Сол жылы отау құрып, ауылға келдім. Елде көп болған жоқпын. Астанада жұмыс істеймін деп тағы сонда кеттім. Шынын айтқанда, қалада тұру қиын болды. Басымызда баспана болған жоқ. Пәтерді жалдап тұрдық. Сосын әкеміздің жанында болайық, қолын жылы суға малып отырсын деп ауылға көшіп келдік.

Біз ерте есейдік. Шаруаға ерте араластық. Бала сияқты көп ойнамадық. 16-17 жасымызда жұмыс істедік. Менің бауырларымның бәрі де солай өсті. Ойын-сауық деген болған жоқ.

**– Дұрыс істеген екенсіз. Шаруа қожалығын ашуды сол кезде ойладыңыз ба?**

– Иә, ауылда әкеме қиын болған соң екінші жағынан болашақты ойладым. Сондықтан ауылға келіп, әкеме қарайласып, елдің дамуына шамам келгенше үлес қосқым келді. Басты мақсатым – шаруа қожалығында аянбай еңбек етіп, мал басын көбейтіп, ауылдың, елдің дамуына атсалысу.

Білесіз бе, ақшаның түбіне ешкім жетпейді. Мен ақша, дүние қуған адам емеспін. Оның соңына түскен жоқпын. Ақша бәрібір жеткізбейді. «Сабыр түбі – сары алтын» демекші, одан да елге келіп, сабырмен еңбек етіп, соның жемісін көруден асқан ештеңе жоқ екен. Мен мұнда өзімнің өскен өлкемді өркендетеміз деп келдім. Қалада бәрі бар. Бірақ баспанаң болмаса, ол жерде тұру қиын. Жұмыс істегеннің өзінде тапқан-таянғаның пәтерақы мен жүріп-тұруға, тамағыңа кетеді. Ал жиған-терген мүлде болмайды десе де артық айтқандық емес.



біраз шаруа атқаруды ойластырдық. Осы істі бауырларыммен бірге қолға алдық. Қазір де ағайын-бауырлардың көмегімен көп іс тындырып жатырмын. Қой қырқу, соғым сою, жем әкелу, басқа да жұмыстармен айналысамыз. Бауырларыма ризамын. Әкеме, маған қол ұшын созып, көмекке келіп тұрады.

Негізі шаруа қожалығын ашу да оңай емес. Оның қандай жұмыс екенін бала кезінен мал баққан, шаруашылықта бірнеше жыл жұмыс істеп көрген адам ғана біледі. Мен ауылға келгелі бері Қарағайлының малын жинап, бағамын. Жазда ауылдың қара малын бағып беремін. Қыста жылқысына қараймын. Істі осылай өзіме айлық, жұмыс болсын деп бастағанмын. Алғашқы кезде мал басын көбейту керек болды. Бірақ оған бізде жайылымдық жер болмады. Біраз қиындық туғызды. Сол кезде мен ауыл әкімдігінің жиналысына барып, «Ауыл аманаты» микронесиелеу бағдарламасы бойынша қаржы алуға болатынын естідім. Ол туралы жаңа айттым. Ал, жалпы, кооперативті 2017 жылы ашқанмын. Біздің шағын ұжым үш адамнан құралған. Екі жұмысшым бар. Тракторшы-механизатор Өмірхан Әлиев пен малшы Боранбай Сәдуақасов жұмыс істейді.

Қазір өзімнің 70 қой, 70 ешкі, 10 сиыр және бір үйір жылқым бар. Кешегі несиеге алған 104 қойды есептегенде, 170-тен аса қой мен елдің 200 бас жылқысын бағамыз. Қазір «Ерейментау-астық 2014» ЖШС 10 мың бас қойға бордақы алаңын ашып отыр. Біз оларға қойды сатамыз. Тірі салмағы – 1 500 теңге. Олар бізден алған етті шетелге экспорттайды. Құдайға шүкір, ақырындап көтеріліп келе жатырмыз.

**– Бауырларыңыз кооператив құрылған кезден бері көмектеседі дедіңіз. Соған риза екеніңізді көріп отырмын. Елге келгендегі мақсатыңыз да туған жерді түлету екен...**

– Әңгіме кезінде әкеме қарайласқым келді дедім ғой. Бір жағынан сол кісіні,

Біздің ауылда қазір көп жұмыс істеліп жатыр. Шағын автобус балаларды мектепке тегін апарып, үйлеріне солай алып келеді. Сүт, қаймақ, май, айран, ет тегін. Бәрі көктен түседі деп ойлайтын адамдар да бар шығар. Егер олар солай ойласа, қатты қателеседі. Ештеңе тегін келмейді. Баспалдақпен биікке көтерілу үшін оның әр сатысынан өтуің керек қой. Өмір де сол сияқты. Әуелі істі бастап, алға жүре беру қажет. Тәуекел керек. Әр істі тәуекелмен істесе, түптің түбінде адал еңбек өз жемісін бермей қоймайды. Алла тағала бәрін көріп отыр.

Мен ешкімге дәл қазір несие алып, кәсіппен айналысыңдар демеймін. Жаңа айтқанымдай, әуелі шаруа қожалығында істеп көру керек. Оның өзінің қиындығы бар. Соған төзіп, сабырмен жұмыс істеу қажет. Мен соның бәрін көргенмін. Мал өсіру оңай емес. Оған алдымен азғантай болса да жерің болу керек. Әрі қарай бәрі рет-ретімен өзі түзеліп жүре береді. Бастысы, бас амандығың, отбасыңның денсаулығы, ағайын-туыс, бауырлардың ауызбіршілігі болса, сонда Құдайдың көзі де тура болады деп ойлаймын.

**– Дұрыс айтасыз. Осының бәрін сіздің отбасыңызға тілеймін! Жұмысыңыз берекелі болсын!**

– Рахмет!

**Сұхбаттасқан Дастан КЕНЖАЛИН**

QR-код арқылы қараңыз

МАЛ БАҚҚАНҒА БІТЕДІ

# САМҒАСЫН ЕРЕЙМЕНДЕ ӨЛЕҢ-БҮРКІТ

Ұлан-байтақ қазақ даласының қасиетті де көркем өңірлерінің бірі әрі бірегейі – Ерейментау. Бұл өңірдің тарихы тағылымды. Абыз да, ақын да, батыр да көп шыққан. Тылсымға толы ғажап жерлері көптен-көп. Орман-тауы, өзен-көлі әдемі аңыздармен аяланған. Аса көрнекті жазушы Сәбит Мұқанов Ерейменді «Арқаның кербез сұлу Көкшетауының ерулесі» деп таңбалаған екен. Қазақ тауларының атасы – Алтай, ағасы – Алатау болса, Ерейментау да осы қатардан ойып тұрып лайықты орынын алған.

Мәди Қарқаралыны әнге қосса, Иманжүсіп:
«Басыңа бүркіт алып шығар едім,
Көзіме бір көрінші, Ерейментау!» –
деп самғата жырлады. Осы ғажап ән арқылы-ақ Ерейменді білмейтін қазақ жоқ. Өзіміздің де аңсар, ықыласымыз Ерейментауға осы әнді тыңдаған бала жасымыздан ауып, қасиетті жерді бір көруді армандап жүруші едік. Сол арманымыз, қателеспесем, 2018 жылы орындалды. Ерейментау ауданының сол кездегі әкімі Ермек Нұғыманов белгілі жазушы, ақын, жыршы Баянғали Әлімжанов досым екеумізді арнайы шақырып, Ереймен өңірін екі күн бойы о шеті мен бұ шетіне дейін түгел аралатып, сейіл-саяхат жасатып, көп әңгімеге қандырып еді. Сондағы алған әсеріміз керемет. Киелі жердің батасын алып, бабалардың алқауына бөленгендей болдым. Жанымда осынау ата-баба жұртына деген ерекше бір жақындық оянды. Ерейменнің елі мен жерінің тамаша тарихын, тылсым табиғатын танып-білуге құштарлығым одан сайын арта түсті. Көкшетауым мен Зерендім сияқты, Ерейменді де өз елім, өз жерім, өз ауылым санаймын.

Мына шын жүректен, ақ тілектен жырғап туған жырларым Ерейменнің ел-жұртына, ерейментік барлық бауырларыма алыс Алматыдан, қазақтың аға тауы – Алатаудың бауырынан жолдаған сағынышты сәлемім және араға жылдар салып барып қайтадан ашылған «Ереймен» газетіне шашуым болсын.



Елімнің ертегісі көнермеген,
Ереймен десе, дәйім елеңдегем.
Ежелден арман еді самғап шығу
Басына Сұңқарқия өлеңменен.

Самғасын Ерейменде өлең-бүркіт,
Қалсыншы Күншалғанда менен бір құт.
Жосылсын Қусақ көлге Құлагер-жыр,
Жасқанып іркіледі неден де үркіп?

Осында жыр пырағы отығады,
Осында туған жердің оты, нәрі.
Әр тұста қарауылдай қарауытқан
Қоянды-Қойтасымның шоқылары.

Көзіме Ерейментау бір көрінші,
Сен деген жүрегімнен жүлдені ілші.
Керім тас, Керегетас кес-кестемей,
Еліне Бөгенбайдың бірге жүрші!

***

Қамы үшін қазағының жортқан ұдай,
Тәу еттім аруағына қарт Бөгенбай.
Әзірет Сұлтаннан да нұрың шалқып,
Арттағы атажұртты алқадың-ай!

Үмбетей жырау бабам, және саған
Жырымды жалындатып төге салам.
Олжабай, Атан, Жантай батырларды
Ереймен қазағына бере салған.

Киеңді Иманжүсіп ұққан еді,
Басыңа бүркіт алып шыққан еді.
Бұғылы мен Тағылы, Аюлыға
Сағынышын жүрекке тұтқан еді.

Ереймен – қасиетті елім, жерім,
Жоңғарға жортуылда берілмедің.
Қорғады Қанжығалы батырлары,
Қазақтың іргесінен сөгілмедің.

***

Айбары Қанжығалы Бөгенбайдың,
Ереймен, дарытты ғой саған айбын.
Өзгеше жаратылған ұрпақтары
Кейінгі қазағына болған ай-күн.

Бапан би ел-жұртының жадында әлі,
Өсиет, өлең сөзі, нақылдары.
Бірлікке ұйытыпты билігімен,
Саққұлақ – Орта жүздің арғымағы.

Жоңғарға жай отындай шатырлаған,
Еліне Ер Олжабай аты қалған.
Беліне Ерейменнің бел бітірген,
Алланың рахметінде батыр бабам.

Ұрпағы Жаяу Мұса – ән самғауы,
Алдына Әлкей ғалым жан салмады.
Әлемге Олжас ақын даңқы кетіп,
Өлмейтін жүрегінен жыр саулады.

***

Қорғаған туған жерді берен батыр,
Тарихы Ерейменнің терең жатыр.
Тас пен қола ғасырдан бастау алған
Таулы өлке, қырат, шоқы, белең, адыр.

Сілеті, Өлеңтінің өзенін-ай,
Кермелі, керегелі кезеңін-ай.
Мерт болған Құлагерім жотаны іздеп,
Маңайын Қусақ көлдің кеземін-ай.

Осында асы болған Сағынайдың –
Ішінде бір құмалақ сары майдың.
Жайратқан Сері Ақанның Құлагерін,
Қалайша қайғысына налымаймын?!

Осындай Ерейменнің мұңы да бар,
Тарихтың қатпарланған сыры да бар.
«Құлагер» дастанында зерлеп ызған,
Атақты Ілияс ақын жыры да бар.

***

Көгінде көңілдердің Ереймен ел,
Төрінде сенімдердің Ереймен жер.
Қарасаң Алыпқара биігінен,
Суреті құрт жайылған өредей дер.

Талқысы тарихыңның құлама-дүр,
Шайқасқан бөктерінде Жуанадыр.
Кеңасу кезеңінен жау көрінсе,
Ерлері қылыш кезеп шығады ауыл.

Беу, қазақ, зерденізге мұны тоқы:
Ақшоқы, Жаушоқы мен Орташоқы.
Батысын Ерейменнің қарауылдап,
Батырға ел қорғаны жаққан оты.

Егіз екі биігі Ерейменнің –
Ақдің мен Күншалғанда мерейлендім.
Әр шоқы, әр төбесі бір-бір батыр,
Жерімді жауға бермей көбейгенмін.

***

Белінен Асан Қайғы асқан екен,
Нақыштап нақыл сөзін шашқан екен.
Толқындап көкжиегі Ерейменнің,
Желдің жеті қақпасын ашқан екен.

Болғандай ер қаруы жарақ тастар,
Арқарлар су ішетін табақтастар.
Қос батыр тас мүсіні, Одырайтас,
Балбалдан бақ жайнатқан жанат тастар.

Елінде Ерейменнің толған дарын,
Жерінде Ерейменнің балбалдарым.
Тарихын тас ғасырдан таратады,
Төрінде Ерейменнің жанған бағым.

Жарлыкөл, Жартас, Жарық өзендері,
Таусылмас таулардың сілемдері.
Жонадыр, Желтау және Жуантөбе,
Таусылмас Ерейментау белең-белі.

***

Ел ғашық Ерейменнің даласына,
Орман-тау, өзен-көлі саласына.
Ерекше қасиеті баурап алған
Бесіктей бар қазақтың баласына.

Тізілген інжу-маржан алқасына,
Ел ғашық Ерейменнің тау-тасына.
Күншалған, Сұңқарқия, Керегетас,
Сыр айтқан бір-бір батыр қалқасына.

Ереймен, сен дегенде елжірегем,
Қоржынкөл тұнығындай сен бір өлең.
Тоғайың Қарағайлы
Сарыарқаның
Туындай самалдайды желбіреген.

Ереймен, сен дегенде көңіл өргек,
Өлең боп өріледі өмір-өрнек.
Басыңа бүркіт алып шығам әлі,
Өрлетсін толқын-арман мені тербеп.

***

Астана, Ақмоланың іргесі сен,
Көкшетау, Зерендімен біргесің сен.
Желіңнің жеті есігі ашылғанда,
Жібегің жер-жаһанмен бірге есілген.

Кіндігің жеті жұртпен бір кесілген,
Тозағын, топанын да бір кешіп ең.
Төсіңнен түлеп ұшқан қырандардың
Бәрімен атасы боп тілдесіп ең.

Ереймен, ескі күннен елесімсің,
Жаңаға асыратын белесімсің.
Ғибраты Ғылманидың аян салып,
Баласын бар қазақтың тел өсірсін.

Ұлытау, Баянтаумен үзеңгілес,
Самала сайын дала сырлы мінез.
Алатау, Алтай бастап,
Ерейментау,
Мәңгілік тоқтамасын бұл ұлы көш!

**Қорғанбек АМАНЖОЛ, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты**



## Ерейментау, ең биігім, асқағым

О, туған жер, киелісің сен неткен!
Жерұйықсың, табылмайтын жер-көктен.
Нәр алып мен жауыныңнан селдеткен,
Өзіңде өніп, өзіңде өсіп, ер жеткем.
Ағайын мен ел-жұртымды сағынып,
Саумалыңды келем аңсап, шөлдеп мен.

Сағындым ғой Ерейменнің тауларын,
Етегінде көк шалғынға аунадым.
Сәулеленіп Ақдің менен Күншалған,
Таң атқанда қонады екен тауға күн.
Толқынданған Тілембек пен Бозайғыр,
Тостағанмен ұсынғандай саумалын.

Ерейменде өзге мекен жоқ менде,
Жастық дәурен қалған сонау көк белде.
Анау жатқан Қаратау мен Желтауым,
Шақырады балалық шақ – көктемге.
Жуан төбе, Сейфолла мен Төрежал,
Құлпырады жазғы мақпал кештерде.

Сағындым ғой Ерейменнің боранын,
Қандай көркем аппақ қарлы алабың!
Жаманқара, Тұмсық, Бәке, Айғыржал,
Көзіңдейсің ата менен ананың.
Керегетас, Найзатастың тасына,
Көзім талып қайта-қайта қарадым.

Ерейменнің жыр өзегі, жыр әні,
Қарабұлақ, Тасбұлақтай бұлағы.
Қарағайлы, Орташоқы, Жаушоқы,
Қолын бұлғап, менмұндалап тұрады.
Қоржынкөл мен Майкөл, Теңіз, Құрбетке,
Бар жолаушы аттың басын бұрады.

Ерейменде, барша жұртым білетін
Өзендер бар – Өлеңті мен Сілетім.
Құмая мен Жартас, Шорман, Ақмырза,
Төрт түлікке нәрін берген түлетіп.
Қос Майлан тау Ерейменнің шетінде,
Тұрған жоқ па, тыныштықты күзетіп?!

Ерейменге талай адам қызығар,
Биік жартас, шыңдары бар, құзы бар.
Ер Бөгенбай, Жантай, Атан, Олжабай,
Үмбетейдің дүбірлеткен үні бар.
Ғасырлардың жолдарында шаң басқан,
Бапан би мен Саққұлақтың мұңы бар.

Ерейменнің келбетіне таңданам,
Қалықтайды Иманжүсіп салған ән.
Атқа қонып Бала Сыздық, Жанайдар,
Ұлт намысын қолдан бермей қорғаған.
Шежірелі жыр қалдырған соңына,
Ақын, мерген, жаужүрек жан Молдажан.

Ақ ниеті аппақ құстай ақ қанат,
Ерейменде ғұлама өткен Ақтамақ.
Тоқан, Сәкен, Ахтан, Әкбар халфенің,
Есімдері санамызды жатталад.
Өлең-жырдың дүлдүлдері кешегі,
Ұмытылмас Аманжол мен Бекболат.

Ерейментау, ең биігім, асқағым,
Таусылмайтын аңыз бен жыр, дастаным.
Ақындар мен батырлардың мекені,
Көңілімді тебірентіп тастадың.
Сүйіп өтем, жырлап өтем мен сені,
Мынау жалған, тіршілікте қас қағым.
Ерейментау, ең биігім, асқағым!

## Ей, өмір

Қасында анау тау мен анау шыңның,
Ей, өмір,
Мен бір сенің жолаушыңмын.
Баспаған әлі қанша тауым бар деп,
Келемін соңына еріп алау Күннің.

Келемін ұмтылумен өрге күнде,
Іздерім қалар, сірә, Жер бетінде.
Алқына тоқтаған сәт, бір күндері,
Жұлдызым ағып түсер жерге түнде.

Бірде бал, тірлік сыйы, бірде кермек,
Содан да жүректе мұң, жыр мекендеп.
Түн болса Құс жолына көз саламын,
Жұлдызым жарық шашып тұр ма екен деп.

Өмірім күн мен түннен тұрады анық,
Қараймын кейде көкке тұра қалып.
Төбемде ертелі-кеш Күн жүреді,
Мәңгілік сөнбейтұғын шырақ алып.

Жол жүріп, күн демедім, түн демедім,
Қиындық басқа түссе, үндемедім.
Өкпем бар, бұл өмірде кімге менің?..
Әйтеуір, алып Жұлдыз Күнге еремін.
Әйтеуір, жолаушы боп Жер бетіне,
Ізімен пенделердің бір келемін.

**Сайлау ЖЫЛҚЫБАЕВ,
Ерейментау ауданының құрметті азаматы,
Мәдениет саласының үздігі,
ақын, композитор**

# ҚАНЖЫҒАЛЫДАН ТАРАҒАН ҚАРКЕН


Қаркеннің жас шағы

Өткен күннен дерек жазып, сананы жаңғыртып отырмаса, уақыт көші ұзаған сайын көп нәрсенің ұмытыла беретіні белгілі. «Көзден кеткен көңілден де өшеді» дегендей, күні кеше ғана арамыздан өткен талай адам жөнінде осылай айтуға болады. Біздің әулетке жиен болатын Қаркен Ахметов туралы, ол кісіні көрген алдыңғы толқын үлкендерімізден естіген естеліктерді қалың оқырман біліп жүрсін деген ниетпен әңгімелеп берейін.

Жуырда, нақты айтқанда, 26 қаңтарда Қаркен Ахметовтің туғанына 96 жыл толды. Жалпы, республика жұртшылығы, еліміздегі спорт сүйер қауым Қаркен Ахметовті Қазақстанда Мемлекеттік спорт комитеті құрылғанда, яғни 1959-1971 жылдары Қаз КСР-дің Дене шынықтыру және спорт комитетін тұңғыш басқарған қазақ спортының көсемі ретінде біледі. Иә, ол кісінің жай ғана кресло иемденген шенеунік емес, білікті басшы, нағыз спорт жанашыры екенін, 1960-1970 жылдары атақ-даңқы бүкіл Кеңес Одағына мәлім болғанын баспасөз беттерінде жарық көріп жатқан спорт ардагерлерінің пікірлерінен білеміз.

Соңғы кезде Қарекең туралы Темірхан Досмұхамбетов, Қыдырбек Рысбек, Сайлау Байбосын, Жассерік Садуақас жазған мақалаларды оқыдық. Өзімді 90 жылдығына орай Павлодар телеарнасы «1-студия» хабарына шақырды. Қыстың ішінде бара алмадым. Спорт саласы басшылығындағы игілікті істері жақсы аталып жатқаны көңіл қуантады.

Қаркеннің анасы Қапиза менің атам Ахметтің бәйбішесінен, яғни Асаубай қажының қызы Гүлжамиладан туған. Атамыз бәйбішесінен Назымбек, Шақыл атты екі ұл, Гүлшат, Қапиза деген екі қыз көрді. Ал біз атамыздың әмеңгерлік жолымен алған екінші зайыбы Әзизадан тараймыз. Ол кісіден Құрман, Рахымбек, Ісламбек туған екен. Атамыздың атына 1910 жылғы мұрағат құжаттарында «Ахмет Доскей Жырақұдық дейтін жерде тұрады. 98 жылқы, 60 қара мал, 280 қой, 28 ешкісі бар» деген мағлұмат тіркеліпті.

Атамыздың үлкен ұлы Назымбек заманында атақты Уәлидің Майрасымен отбасылы болған. Екеуінің 1913 жылы бірге түскен суреті қазір Павлодарда Майра музейіндегі фотоальбомда жапсырылып тұр. Қала тұрмысына үйренген Майраның Назымбекпен дәм-тұзы жараспады. «Қарағым, бұл саған жолдас болуға жарамайды», – деп ата-анасы да қарсы болған. Кейін Назекең аздаған жүйке ауруымен ауырып, ел ішінде «Майра Назымбекті дуалап кетіпті» деген әңгіме тарады. Тұңғыш ұлы Назымбекті емдетуге әкесі Ақым (атамызды ел Доскейдің Ақымы дейді) Қанжығалыларының елі Аққөлден Ахметолла деген емші-дәрігерді алдыртады. Бұл кісі жастықтағы қауырсын ішіне тығылған ораулы дұға тауып, Назымбекті емдеп жазады. Осыдан кейін Ақым атамыз Ахметоллаға өзінің кіші қызы Қапизаны қалыңдыққа береді. Қырық жетісін алып ұзатылған апамыз Ахметолламен біраз жыл отасқан. Жасы біршама үлкен жездеміз мезгілсіз қайтыс болған соң төркініне ұлды болып оралады. 32-нің аласапыраны басталған кез. Үлкендердің ақылымен кішкентай Қаркенді ата-әжесіне қалдырып, аштан өлмеудің қамын жасап, ағалары Шақыл, Тиыштықбай, тағы басқа ағайындарға еріп, терістік жақты бетке алады. Кемерово облысының Ленинск-Кузнецк деген қаласына барып тоқтапты. Сол жақта жүргенде, 1935 жылы екінші күйеуі Бейсенбекке жолығып, екеуі бас құрайды.

«Жетпістен асқан шағымда кәрі сүйегімді сүйреп, далада көмусіз қалар жайымыз жоқ» деген ата-әжеміз ешқайда кетпейді. Олармен бірге тағы да төрт отбасы Қараталда қала береді. Өлеңтінің бойындағы Қаратал – сол кезде жеке ұжымшар, Баянауылға қараған уақыты.

Бірде Павлодарда қызмет істеп жүрген Назымбек ауылға келеді. Тұрмыс тауқыметін сезініп жатқан әке-шешесінен Қаркенді алып, жақын туысымыз Байділданың Тоқан деген баласын ертіп, қалаға алып келеді де балалар үйіне орналастырады. Екеуіне де өзінің тегін беріп, «Ахметов» деп жаздырған екен. Қарекеңнің Ахметов болып, ал туған жерінің Баянауыл ауданы болып жазылуы – осыдан.

Жалпы, Қаркеннің ата-тегі былай екен: Қанжығалы – Қорлыбай – Итібай – Темірбай – Байтоқа – Ахметолла – Қаркен. Бұл шежіре деректі Қаркеннің аталас туысы Кенжетай Бекбатыровтың айтуынан Екібастұз қалалық «Отарқа» газетінің журналисі Жассерік Садуақас жазып алыпты. Кенжетай марқұммен өзім де ара-тұра телефонмен сөйлесіп тұратынмын. Кездесудің сәті түспеді. Коронавирус деген жалмауыздың тырнағына ілінген екен, арда ағамыз.


НАЗЫМБЕК ПЕН ӘНШІ МАЙРА

Арғы атасы Темірбай, атасы Байтоқа, әкесі Ахметолла атақоныстары Басқамыс ауылының жанындағы Апай (Қорлыбай) қорымына жерленген екен. Жалпы, Қаркен ағаға байланысты мағлұматтар білгісі келгендер, Жассеріктің «Отарқаға» шыққан «Қаркен Ахметовті біле жүрейік» деген мақаласын қараңыздар.

Осылай тағдыр тәлкегімен балалар үйінде тәрбиеленген ол 14 жасынан Қарағанды құрылысына атсалысады. 20 жасында Қарағанды облысындағы Октябрь аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы болса, 25 жасында Қарағанды облыстық комсомол комитетінің екінші хатшысы қызметіне тағайындалған. Қазақстан комсомолы Орталық комитеті жанындағы Жоғары комсомол мектебін және ҚазГУ-дің тарих факультетін бітірді. Жалпы, Қаркеннің мемлекет, қоғам жұмысына араласуына тағы да бір нағашысы, сол кезде Ауыл шаруашылығы министрлігінде лауазымды қызмет атқарған Құрман Ахметов себепкер болса керек. Алматыға қыдырып барған Әліш Қажыбекұлы ағамыздың айтуынша, осында жариялап отырған суретке Қаркен екеуі сол кезде түсіпті. Әліш – Ахмет атамыздың ағасы Абдрахманның ұрпағы. Үйіне қонақ болып келіп жатқан уақытта қуанышты Құрман ағай дүниеге келген ұлының есімін Әліш деп қойған екен. Кейін Хрущевтің жүгері егу науқанына қарсылық білдіргені үшін Құрман ағай бірнеше әріптесімен қуғынға ұшырап, Ақмола облысы бойынша дән сапасы жөніндегі бас агроном қызметіне ауысып кеткен.

Қаркен Ахметов 1976 жылы 26 қарашада Мәскеуде, Қаз ССР Министрлер кеңесі кәсіптік-техникалық білім беру мемлекеттік комитетінің төрағасы болып жүргенде жол апатынан қайтыс болған. Қонақ үйден жолдың арғы бетіне өте бергенде такси көлігі соғып кетіпті. Оны үлкендер «әдейі ұйымдастырылған қастандық» дейтін.

Қарекеңнің жерлеу рәсімі үшін Дінмұхаммед Қонаевтың өзі Целиноградқа арнайы ұшақ жіберген. Бірақ сол кездегі Өлеңті кеңшарының басшылары: «Ахметовтің бұл арада туыстары жоқ. Шешесі Ерейментау совхозына көшіп кеткен», – деп, осы жақтағы нағашыларына хабар бермепті. Алматыға соңғы сапарға шығарып салуға Қапиза апамызды Бейсенбек жездеміздің үлкен ұлы Темірғали апарып келді.

Иә, жиен ағамыз Қаркен Ахметовтің қазақ спортын дамытудағы еңбегі орасан. Ол жөнінде айтылып та жүр, жазылып та жатыр. Ал өзім алдыңғы толқын үлкендерімізден естіген өмірінің беймәлім тұстары туралы шама келгенше жазуға тырыстым.

**Жұмабек РАХЫМБЕКҰЛЫ**


Қаркен жиен мен Әліш ағай.

# ТАРИХ ПЕН ТАҒДЫР ТОҒЫСҚАН ҚАСИЕТТІ МЕКЕН

